

4 маусым 2020 ж.

Тәуелсіз елдің қасиетті белгілері»

4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Тәуелсіз елдің қасиетті белгілері» атты көрме – символ оқырман назарына ұсынылды.

Мақсаты: қоғамның рухани бірлігі мен сабақтастығын нығайту, азаматтық елжандылық, еліне деген сүйіспеншілікке және рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу.

Әрбір азат елдің тәуелсіздігін білдіретін басты белгілерінің

бірі - мемлекеттік рәміздер. Халқымыздың рухын, ұлттық салт – санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Бұл біздің мемлекетіміздің бет бейнесі ғана емес, оның тарихы және әрбір адамның өз еліне деген сүйіспеншілігінің белгісі. Сондықтан біздің мемлекеттік рәміздеріміз тарихтың тылсым тереңінен сыр тартып, бүгінгі азат елдің асқақ келбетін айшықтайды. Қазақ елінің өз топырағында дүниеге келген тұңғыш ресми



мемлекеттік белгілеріміз – барша қазақстандықтар үшін тәуелсіздік тұмарындай. Өз елін шынайы сүйген адам. Отан үшін отқа да, суға да түсетіні, оның тыныштығын қорғайтыны, ұстанған саясаты мен ізгі істерін жалғастыратыны даусыз.

Көрмеге көптеген кітаптар мен мерзімді баспасөз материалдар жиынтығын ұсынамыз. Солардың ішінде Е. Шаймерденовтың «Ел таным» кітабы оқырмандардың ерекше қызығушылығын тудырды. Сонымен қатар тарихи-философиялық рәмізбаян Байкенова Ш. Мен - Қазақстан азаматымын, "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің қалыптасу тарихы» сынды жинақтар кездеседі. Көрмеде 23 тен аса кітаптар берілген. Атаулы көрме айдың соңына дейін оқырман назарында.